

«Бекітемін»

№ 136 жалпы орта
білім беретін мектеп
директоры

Л.Н. Мырзакасымова



Кітапханадағы техника қауіпсіздігің ережесі

I. Жалпы ережелер

1.1 Мектептегі кітапхана қызметіне медициналық тексеруден өткен кітапханалық, педагогикалық арнайы дайындықтан өткен мамандар жіберіледі.

1.2 Осы нұсқау кітапхана жұмыскерлердің қауіпсіздігін сақтауға, жұмыс жасауға тиімді жағдайлар жасауға және жұмыскердің денсаулығын сақтауға арналған.

II. Жұмыс басталғанға дейінгі талаптар:

- 2.1 Жарықты қосу.
- 2.2 Кабинеттің ауасын жиы желдетіп тұру.
- 2.3 Кітапхана жұмыскерлердің жұмыс орны тазалықта сақталынуы тиіс.
- 2.4 Барлық есептеуіш орталықтарында микроклиматтың келесі параметрлері сақталуы тиіс.
- 2.5 Ауа температурасы 21-25 көлемінде болуы;
- 2.6 Ауаның ластануы 4.13. СН 512-78 пунктерінде көрсетілгендей нормадан аспауы тиіс;
- 2.7 Ауаның қатысты ылғалдылығы 55%

III. Жалпы талаптар

Кітапхана кабинетіндегі техника қауіпсіздігінің сақталу шарттары оны физикалық- химиялық, биологиялық және механикалық бүлінуден қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Қор сөрелерде, арнаулы шкафтарда немесе сейфтерде тігінен және көлденеңінен сақталады. Пішіне 35 сантиметрге дейінгі кітаптар мен журналдар сөрелерде тігінен, ал үлкен пішіндегі кітаптар мен журналдар көлденеңінен қойылады. Парақ материалдар қораптарда сақталады. Барлық газеттер мен журналдар түптеледі.

Кітап қоймасын жарықтандыру табиғи және жасанды болуы мүмкін. Табиғи жарықтандыру күн сәулелерінің қорға тікелей түсуіне жол берілмейді. Күн сәулелерін шашырату үшін перделердің әртүрлі жүйесі қолданылады. Жасанды жарықтандыруда жарық нормасын арттыруға болмайды. Электрмен жарықтандыруды 40-60 ваттық бір лампы сөреаралық өтпелердің әрбір 2 метріне, 75 ваттық лампы негізгі өтпенің әрбір 4-5 метріне есептеп қойылған қызу лампылары қамтамасыз етеді. Шырағдандар өрттен қауіпсіз әрі шаң мен ылғал өткізбейтін болуы тиіс.

Қорды сақтаудың қолайлы температурасы 17-19 С, ауаның қатысты ылғалдылығы 55%.

Қорды сақтаудың қалыпты режимі шарттарының бірі – оны шаңнан қорғау және биологиялық зиянкестерден тазарту. Бұл жұмыс тұрмыстық шансорғыштың және формалиннің 2-3% ерітіндісіне батырылған мақтадан (дәкеден) жасалған тампонның (немесе тампонды шанды өзіне тартып алатын антистатикпен өңдеуге болады) көмегімен тұрақты, кем дегенде жыл бойы бір-екі рет жүргізілуі тиіс. Шіркейлер табылған кітаптар оқшауланып, мұқият парактап тазарту жүргізіледі. Оларды желпуіш

тәріздес етіп тығыз жабылатын жәшікке салып, оған 7-10 күн мерзімге «Күйеге қарсы» («Антимоль») препаратын қояды. Шіркейлер бүкіл қорда таралып кеткен жағдайда дезинфекциялау жүргізіледі.

ІҮ. Авария жағдайындағы қауіпсіздік талаптары

Авариялық жағдай болған жағдайда, мысалы өрт, жер сілкінісі т.б. өртке қарсы қауіпсіздік шараларын, электр қауіпсіздігі т.б. шараларын орындау қажет.

Электр тогының авариялық өшкенде тоқтан ажырату керек. Оларды тоқ калыпты жағдайға келген кезде ғана қосуға болады.

Желідегі шнурлар, штепселдердің орналасуы дұрыс болуы қажет. Осылар дұрыс қосылмаған жағдайда резеткілердің қызып, олардың жалғағыштарының бір-біріне жабысып қалу қаупі бар. Штепсельде контактілері бір-бірімен жабысып қалған жағдайда оны резеткадан ажыратып, контактілерін тартып, электр желілерін мұқият тексеріп шығу керек.

Ү. Жұмыс аяқталғандағы қауіпсіздік ережелері

1. Жұмыс аяқталған кезде жеке бастың гигиенасы және өндірісті санитария талаптары сақтауы тиіс.
2. Жұмыс аяқталған кезде есікті мұқият жабу керек, жарықты тексеріп барын сөндіру керек.
3. Осы нұсқау бақытсыздық жағдайлардан сақтау мақсатында, зиянды және қауіпті өндірістік факторларды минималды ету үшін құрастырылды.